

References

1. Shyngys Mukhan. *10 reasons why it is important to know and speak the Kazakh language.* – Almaty polygraph combine ZHSHS 2013. - 420s.
2. Limann A. *Applications for capturing language variations and changes in German-speaking Europe: //Linguistic avant-garde.* 2021.
3. Baur A. *Swiss-German - from where and where? Monograph.* German Digital Library: 1990.
4. Reber K. *Swiss German: about the linguistic and literary situation in Switzerland.* Aarau: Heiner Leffler, 1986.
5. Altermatt U. *Ethnonationism in Europe.* – Moscow: RSUH, 2000.
6. Chuvakin A.A. *Basic philology: etch. proposal.* – M.: Nauka, 2011. - 240s.
7. Maria Hornung, Franz Reutinger. *Austrian Federal Publishing House of Education, Science and Art, 1950.* – 132с.

МРНТИ 16.01.11

10.51889/1728-7804.2023.14.1.011

А.Б.Ержуманова¹

¹*Абылқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті,
Қарағанды, Қазақстан
гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы, azizaerjik@mail.ru*

**ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ АСПЕКТ ПЕН ШАҚТЫҢ МАҒЫНАСЫ МЕН
ФОРМАСЫНЫҢ ДИАХРОНИЯ МЕН СИНХРОНИЯДА ДАМУЫ**

Аңдатпа

Түркі тілдеріндегі аспект (түр) пен шақтың мағынасы мен формасының берілуі лингвистикада әлі де өз шешімін таппаған мәселенің бірі. Бұл мақалада түркі тілдерінің лингвистикасында түр мен шақтың мағынасы мен формасының диахрония мен синхронияда дамуы қарастырылған. Түркітанушы ғалымдарының түркі тілдерінде етістіктің түр категориясы шақ категориясы арқылы берілетіні және түркі тілдерінде **аспект грамматикалық тұрғыда дербес категория статусына ие болмағандықтан, шақ категориясы арқылы** көрсетілетіні нақты мысалдармен дәлелденген. Түркі тілдерінде түр мен шақ мағынасы тығыз байланысты. Түркі тілдерінде грамматикалық аспект ұғымы жоқ болғандықтан, түркі тілдерінде аспект мағынасы мүлдем жоқ деп айтуға болмайды, өйткені түркі тілдерінде шақ мағыналары түрдің қосымша реңктерін қабылдап алған.

Түйін сөздер: түркі тілдері, аспект категориясы, түр категориясы, шақ категориясы, диахрония, синхрония.

Yerzhumanova A.¹

¹*Abylkas Saginov Karaganda Technical University,
Karaganda, Kazakhstan
master of humanities, senior lecturer, azizaerjik@mail.ru*

**MEANINGS AND FORMS OF ASPECT AND TENSE IN THE TURKIC LANGUAGES:
DEVELOPMENT IN DIACHRONY AND SYNCHRONY**

Abstract

The transfer of the meaning and form of aspect (type) and tense in the Turkic languages is one of the problems which still has not found its solution in linguistics.

This article examines the development of the meaning and form of the aspect and tense in diachrony and synchrony in the linguistics of the Turkic languages. Turkologists have proved by concrete examples that in the Turkic languages the specific category of the verb is transmitted through

the category of tense, since the aspect does not grammatically have the status of an independent category. In the Turkic languages, the meaning of type and tense are closely related. Since there is no concept of grammatical aspect in the Turkic languages, it cannot be said that the Turkic languages do not have the meaning of aspect at all, because in the Turkic languages the meanings of tense have taken on additional shades of aspect.

Keywords: Turkic languages, aspect category, type category, tense category, diachrony, synchrony.

Ержуманова А.Б.¹

¹Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова,

Караганда, Казахстан

магистр гуманитарных наук, старший преподаватель, azizaerjik@mail.ru

ЗНАЧЕНИЯ И ФОРМЫ АСПЕКТА И ВРЕМЕНИ В ТЮРКСКИХ ЯЗЫКАХ: РАЗВИТИЕ В ДИАХРОНИИ И СИНХРОНИИ

Аннотация

Передача значения и формы аспекта (вида) и времени в тюркских языках-одна из проблем, которая еще не нашла своего решения в лингвистике.

В данной статье рассматривается развитие значения и формы вида и времени в диахронии и синхронии в лингвистике тюркских языков. Тюркологами доказано на конкретных примерах, что в тюркских языках видовая категория глагола передается через категорию времени, поскольку аспект грамматически не имеет статуса самостоятельной категории. В тюркских языках значение вида и времени тесно связано. Поскольку в тюркских языках нет понятия грамматического аспекта, нельзя сказать, что тюркские языки вообще не имеют значения аспекта, ведь в тюркских языках значения времени приняли дополнительные оттенки вида.

Ключевые слова: тюркские языки, категория аспекта, категория вида, категория времени, диахрония, синхрония.

Кіріспе. Түркі тілдері – Шығыс Еуропадан, Сібір мен Батыс Қытайға дейінгі кең аумақта тұратын 180 млн. адамның ана тілі, 210 млн. адамның екінші тілі боп табылатын, көбі бір біріне өте жақын болған 40 тілден тұратын тілдер тобы. Түркі тілдер жанұясы Алтай тілдері әулетіне жатады. Қазақ тілі соның бірі боп табылады.

Барлығы 40-тан аса тілден тұратын, 180 млн. адамның ана тілі боп табылатын түркі тілдері Алтай тілдері әулетіндегі ең үлкен тіл тобы болып табылады.

Түркі тілдерінің көбінің фонологиясы, морфологиясы және синтаксисі бірдей. Тек, Шуаш, Якут және Солтүстік Сібір тілдері бұл жағынан өзгеше сипатқа ие. Түркі тілдері 6 топқа бөліне отырып, әр топқа кірген тілдер сол тілді білетін адамдар бірібірін түсіне алатындай жақын болады. Түркі тілдерінің өзара жақындығын көрсету үшін келесі (халық саны бойынша) маңызды бірнеше тілден мысал сөздер келтіріліп тұр.

Қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі қыпшақ тілдері тобына кіреді. Онда қазақ тілінен басқа қарайым тілі (жоғалуға жақын), құмық тілі, қарашай балқар тілі, Қырым татар тілі, татар тілі, башқұрт тілі, ноғай тілі, қарақалпақ тілі және қырғыз тілі кіреді. Олардың көбінің фонологиясы, морфологиясы және синтаксистері бірдей деп айтып кеткеніміздей, біздің зерттеп отырған аспектіміз морфологияға жатады. Түркі тілдерінде аспектті көбінде «түр формалары» деп атайды. Түркі және Алтай тіл біліміне арналған теориялық еңбектерде аспектология мәселелері мынадай Кеңес Үкіметі мен Шетел авторларымен зерттелген Н.А.Баскаков, Ф.А.Ганиев, Э.А.Грунина, В.Г.Гузев, С.Н.Иванов, А.Н.Кононов, Э.В.Севортян, Б.А.Серебреников, А.Ходжиев, Л.Н.Харитонов, А.М.Щербак, А.А.Юлдашев,

Вл.Котвич, Л.Юхансон, К.Шёнинг және т.б. қазіргі заманғы М.Б.Балақаев, Д.М.Насилов, Ю.Маслов, Н.П. Дыренкова, Э.Н.Гаджиев.

Әдістеме. Ізденіс барысында материалды жинақтау, жүйелеу, саралау, сипаттама беру, бақылаудың жалпы ғылыми әдістері, сонымен қатар лингвистикалық, яғни оның ішінде сипаттамалық немесе синхронды әдіс, құрылымдық және салыстырмалы-тарихи зерттеу әдістері қолданылды.

Талқылау. Алтай тілдеріндегі түр формалары жайында жасалған зерттеулер түр категорияларының олар үшін маңызды екенін және көбіне тән екенін дәлелдеп тұр. Алайда, қазақ тілінде етістіктің түр категориясы тек теориялық жүзінде ғана бар. Түркі тілдеріндегі аспектология мәселесі 1956 жылдан бастап зерттелініп келе жатқанына қарамастан, әлі күнге дейін зерттеушілердің назарын аударуда және толық зерттелмеген. 1956 жылы Алматыда «Түркі тілдеріндегі грамматика мәселелері» атты кеңесте түркі тілдеріндегі аспектология мәселесі талқыланды. Ғалымдар мәселені орыс тіліндегі «вид» категориясымен салғастырмалы түрде қарастырды. Сол дискуссия жайлы А.А.Юлдашев былай деген « әр-түрлі түркі тілдерінде түр әр-түрлі дамыған, ал түр формалары әр-түрлі тілдерде мағынасы да, характері да және қолданылу сфералары да әр-түрлі» [1, 43].

Қазіргі таңда жалпы аспектология көптеген жетістіктерге жетті, әсіресе жалпы аспектологиялық түсініктемелер мен терминдерді нақтылауында, тілдік фактілерді анализдеу әдістемесінде, аспектуальдық семантиканы анықтауда, аспектуалдық контексттер мен жағдаяттарды сипаттауда. Аспект категориясының қазіргі түркі тілдеріндегі статусын анықтау үшін зерттеушілердің теориялық және практикалық тұжырымдамаларына назар аударайық.

Көптеген түркітанушылар түркі тілдерінде аспекттің грамматикалық категориясы жоқ, тек аспект мағынасын білдіру үшін қолданылатын тармақталған шақ жүйесі мен іс-әрекеттің өту ерекшелігін сипаттайтын амалдар бар деп негізсіз тұжырымдайды. Кейбір тілдерде етістікті сипаттайтын аспект категориясын шақпен байланыстырған.

Д.М. Насиловтың айтуынша, «түркі тілдерінде аспекттің етістіктің шақтық жүйесінен тыс жеке грамматикалық категория ретінде жоқтығы деген ой доминантты болып келе жатыр» [2, 111]. Ал А.Н.Тихоновтың ойынша, «түркі тілдерінде түр категориясының болмауы шақтық жүйенің байлығымен ғана емес, сонымен қатар іс-әрекет амалдары жүйесінің тармақталынуымен орнын толтырады, осы ерекшеліктерін түркітанушылар түр категориясымен шатастырады [3, 206].

Түркі етістігінің түр мәселесін қарастырған А.М.Щербак былай деп жазады, «түрдің автономдық грамматикалық категория екенін дәлелдеудің қажеті жоқ. Тек түрдің «жеке» берілу амалдарының жоқтығын және түрдік мағынасы бар морфологиялық туындылардың әр-түрлі шақтық формалардың қисындастыруын білдіретінін айта кету керек» [4, 72]. Егер А.М.Щербактың айтуымен келіссек, онда аспект категориясын шақ категориясымен біріктіріп, етістіктің аспект категориясының жоқтығын растап отырғанымызбен бірдей болады.

А.М.Щербак пікірімен келіспейтін Д.М.Насилов мынадай көзқарасын білдіреді: «Бұған қарамастан түркі тілдеріндегі аспект мәселесін сызып тастауға болмайды, тек қана етістіктің шақ формаларын, етістік іс-әрекетінің амалдарын жүйелі және толық зерттеу арқылы, аспектілік контексттер мен жағдаяттарды, етістіктің семантикалық топтарын сипаттау арқылы оның шешімін табуға болады» [2, 118]. Д.М.Насилов көзқарасын жақтайтын А.А.Юлдашев «алдымен әр тілдің жеке материалын қарастырып, әр түр формасының табиғаты жайында, яғни оны жан жақты зерттеп, оның басқа түр формаларымен байланысы мен сол тілдің жалпы грамматикалық жүйесіне қатынасын қарастыру керек» [1, 43] деп айтып кетеді.

Нәтижелер. Севортян Э. және Ширалиев М. өздерінің «Әзірбайжан тілінің грамматикасы» атты кітабында әзірбайжан тілінде түр категориясының бар екенін және оның басқа да

түркі тілдеріндегідей аналитикалық жолмен, яғни көмекші етістік пен көсемшенің көмегімен жасалатынын айтады. Түр конструкцияларының лексикалық мағынасы көсемше арқылы беріледі, ал етістік бұл тіркеске түр мағынасын береді. Сондықтан да, түр конструкциясының бірінші компоненті шартты түрде «басты етістік» деп атауға болады, ал екіншісі «көмекші етістік». Әзірбайжан тілінде көсемшелер өте көп, бірақ олардың барлығы түр конструкцияларын жасауда қолданылмайды. Түр конструкцияларының құрамына -(j)ыб көсемшелерінен басқа мынадай көсемшелер кіреді -(j)араг//-эрәк; -(j)а, -(j)ә. Көмекші етістіктер ретінде мына етістіктер қолданылады: дурмаг - тұр, тұру, отурмаг - отыр, отыру, галмаг - қалу, кетмәк - кету, кәлмәк - келу және гуртармаг - аяқтау. Бұлардың әрқайсысының өз лексикалық мағынасы бар. Түр конструкцияларында бұлардың көбісі өзінің лексикалық мағынасын жоғалту арқылы грамматизацияланады.

Әзірбайжан тілінде түр екіге бөлінеді: біріншісі – аналитикалық және синтетикалық, ал екіншісі – етістіктің шақ семантикасына кіретін түр мағыналары. Аналитикалық және синтетикалық жолмен жасалатын түр категориялары мынадай мағынаны білдіреді: мағыналы етістіктің көсемше түрі мен дурмаг - тұр, тұру, отурмаг - отыр, отыру, галмаг - қалу көмекші етістіктерінің жіктелген формаларымен қолданылады:

1. «Дурмаг - тұр, тұру» көмекші етістігі -(j)ыб // -(j)иб // -(j)уб // -(j)үб-және (j)араг//-эрәк қосымшаларына аяқталатын көсемшелермен бірге созылықы іс-әрекетті көрсетеді. Мысалы: О дежинип дурур, Имран исә сакит-скаит ону динләжирди (И.Чахаибахш). Ол күңкілдеп тұрды, ал Имран ақырын ғана оны тыңдап тұрды.

2. «Отурмаг - отыр, отыру» көмекші етістігі -(j)ыб // -(j)иб // -(j)уб // -(j)үб қосымшаларына аяқталатын көсемшелермен бірге іс-әрекеттің қалпы өзгерместен созылықылығын көрсетеді. Мысалы: Онә көрә дә ағзыны јумуб отурубдур (Ч.Чаббарлы) Сондықтан ол аузында су бардай үндемей отыр.

3. «Кетмәк» көмекші етістігі -(j)ыб // -(j)иб // -(j)уб // -(j)үб қосымшаларына аяқталатын көсемшелермен бірге іс-әрекеттің шектеусіз дамуын көрсетеді. Жоқ болып кету немесе қайтыс болуды білдіретін етістіктермен іс-әрекеттің толығымен аяқталғанын білдіреді.

4. «Кетмә» етістігі түр конструкциясының құрамында болымсыз аспекте қолданылып, іс-әрекеттің немесе қалыптың сол қалпында өзгеріссіз қалғанын білдіреді. Мысалы: Китаб јандырылырса, шаирин әсәрләри мәһв олуб кетмир (Һ.Мехди). Кітап өртенген күнде де, ақын еңбектері өлмейді.

5. «Галмаг» көмекші етістігі -а // -ә көсемшелерімен бірге қолданылғанда, іс-әрекеттің сол қалпында созылықылығын көрсетеді. Мысалы: Бичарә арвад әли гәјнунда нала едә едә галыбдыр. (Н.Вәзиров) Бейшара әйел екі қолын кеудесінде айқастырып алып, ыңырсып тұр.

Бұл негізгі бөлінуі, егер тереңдей берсек, әзірбайжан тілінде түрдің тағы басқа да мағыналарын көруге болады.

«Әзірбайжан тілінде, басқа да түркі тілдерінде сияқты, түр мен шақ мағынасы тығыз байланысты. Өте жиі жағдайларда шақ мағыналары түрдің қосымша реңктерін қабылдап алады. Егер орыс тілінің етістік жүйесінде түр мен шақ мағыналары бір бірінен анық бөлініп тұрса, онда әзірбайжан тілінде екі категория грамматикалық тұрғыдан (форма мен мағынасы жағынан) айырылып тұрғанымен, кейде шақ пен түр шекарасы ауытқып тұрады» [5, 105].

Башқұрт тіл білімінде түр категориясын, түр мағыналарын және етістік арқылы берілетін іс-әрекеттің амалдарын зерттеудегі ең үлкен және жалғыз жұмыс, ол А.И.Харисовтың «Башқұрт тіліндегі етістік түрлерінің категориялары» (1944) атты монографиялық еңбегі. Бұл еңбекте А.И.Харисов аспектілік мағыналы тілдік бірліктерді туындылар негізінде жасауда бірнеше жолдар бар екенін айтады. Оның айтуынша, «аспектілік мағына етістік сөзінің өз көмегімен және өз көмегінсіз, яғни сырттай берілуі мүмкін, бұдан етістікті және етістіксіз аспектілік деген мағына туады». Зерттеуші агглютинативті-аналитикалық башқұрт тілінің ерекшеліктерін зерттей отырып, аспектілік саладағы туындылар: синтаксистік (аналитикалық), морфологиялық (аффиксация және редупликация), лексикалық, сонымен қатар кон-

текстік (контекстуалдық) және құрамдастырылған амалдар арқылы берілетінін айтты. Осылардың ішіндегі башқұрт тілі үшін ең тиімдісі ол, екі немесе үш аналитикалық етістіктер құрылымы арқылы жасалған аспектілік мағынаны білдіру амалы тән. Бұндай құрылымда басты мағынаны көсемше не инфинитив формасындағы етістік білдіреді, ал көмекші етістік мағыналы етістіктің аспектілік модификаторы ретінде қолданылады, яғни бұл түркітілдерінің көбіне тән құбылыс. Башқұрт тіліндегі тағы бір тиімді амалдардың бірі, ол морфологиялық, яғни аффиксация (негізге суффикс жалғау арқылы) немесе морфематикалық амал деп айтуға болады және редупликация арқылы (толық не бөлшекті) жасалуы.

Дүркінділікті және қарқындылықты білдіретін аспектілік мағынаны білдіретін етістік формасын жасау үшін, мына аспектілік туындылар, яғни аффикстер қолданылады кыла/-кла, -ыштыр/-штыр, -л/-ла/-ала, -кисла, -ылда, -н/-ын, -ш/-ыш, -ыңқыра, аңқыра, -ымқыра/-мқыра, -та, -иын, -анда, -мокла. Сонымен қатар аспектілік туындылар саласында редупликацияланған модификаторлар, қайталанатын етістік баяндауыштыр, сөйлем негіздері және синтаксистік қолданылады құрылымдар қолданылады.

А.И.Харисов функционалды грамматиканың теориясы мен фактіге негізделген тілдік материал негізінде башқұрт тілінде дүркінділік, қарқындылық, шектілік, созылыңқылық, сатылық және т.б. аспектілік категориялардың бар екен дәлелдеді, алайда башқұрт тілінде етістіктің түр категориясы дербес категория болып саналмайды, ол тек қана шақ категориясымен біріге отырып іс-әрекеттің өтуін уақыт бойында белгілейді. Сондықтан, қазіргі башқұрт тілінің етістігі мынадай категорияларға ие: шақ, рай, жақ, түр (лицо), етіс. Башқұрт тілінің қазіргі грамматикасында тармақталған шақ жүйесі бар: осы шақ (барам күрәм, бараһың күрәһең, бара күрә), келер шақтың екі түр бар: белгісіз келер шақ (күрермен-көрермін) және белгілі келер шақ (күрәсәкмен - міндетті түрде көремін), өткен шақтың да екі түрі бар: белгілі өткен шақ (барзым-бардым, күрзем-көрдім, күрделі түрі: *барған ине-м (барғайным)* 'мен барып келгенмін'); және белгісіз өткен шақ (барғанмын, күргәнмен, күрделі түрі: *килгән булғандар* 'олар келіпті'). Бұған қоса өткен шақтың күрделі формалары бар, олар мынадай шақтарды құрайды: аяқталмаған өткен шақ (*ала ине-м (ала торғайны-м)* - мен (өткенде) алғам).

Татар тіліндегі түр және шақ категориялары туралы әр-түрлі көзқарастар **В.Н.Хангильдин (1959), Ф.А.Ганиев (1968), З.М.Валиуллина (1983), Д.Г.Тумашева (1986), М.З.Закиев (1995) және т.б. грамматикаға арналған еңбектерінде; А.Х.Нуриева (1961), Р.С.Абдуллина (1988), Ф.Г.Миннулина (2000), М.Н.Закамулина (2001), В.Н.Хисамова (2006), Э.Р.Биккинина (2006) және т.б. диссертациялық еңбектерінде берілген.**

Аталған салада елеулі еңбек еткен ірі лингвистердің бірі Д.Г.Тумашева осы саланың дамуына көп үлесін қосты. Оның көптеген еңбектерінде етістік мәселелеріне қатысты көзқарастары беріледі. 1986 жылы шыққан «Татар етістігі» атты монографиясында бір жағынан етістік формаларының көп мағыналылығы көрсетілсе, екінші жағынан грамматикалық бір мағынаның әр-түрлі формалармен берілу мүмкіншілігі көрсетілген. Бұл жұмыста татар тілі етістігінің формалары зерттелген, олардың көп атқарымдылығы көрсетілген, құрамдық талдау әдісін қолдана отырып етістік шақтарының мағынасын парадигматикалық және синтагматикалық деңгейлерде зерттеген. Тумашева Д.Г. татар тіл білімінде «таксис» терминін алғаш рет қолданып, бір шақ формасының басқа шақ формасының мағынасында қолданылғанын көрсеткен адам болған. «Грамматикалық формалар мен категориялардың мағынасының құрылымын функционалды семантикалық зерттеу дегеніміз ол, оны тек тіл жүйесінде ғана емес, сонымен бірге тіл фактілері мен сөйлеу фактілері тығыз байланысқа түскен кезде, яғни жұмыс істеу барысында зерттеу» [6, 6].

Татар тілінде ағылшын тіліндегідей анықталған түр формасы жоқ. Онда басқа да түркі тілдеріндегідей тармақталған шақ жүйесі бар. «Татар тіліндегі шақ жүйесі (хикэя фиғыль

заманнары) тоғыз формамен беріледі, осы тоғыз форма үш мүшелі қатарды құрайды: сөйлеп тұрған сәтпен бір уақыттылық (осы шақ - хәзерге заман), сөйлеу алдында болған (өткен шақ - уткон заман) және сөйлеу сәтінен кейін болған сәт (келер шақ - килэчэк заман). Осы тоғыз формадан тұратын грамматикалық категория темпоральдіктің функционалды-семантикалық өзегін құрайды, оған бұдан басқа айналасындағы (периферийные) мынадай формалар кіреді: «бул» көмекші етістігімен жасалатын, сипаттайтын (перифрастические) формалар (барған булған «ол барған», бара торған булған «ол (әдетте) баратын» және т.б.) және барғаным бар «мен (онда) болғанмын» және т.б. сияқты есімшелік орамдар» [7]. Кейбір оқулықтарда әртүрлі диалектерге байланысты татар тілінің шақтары онға дейін, ал кейбіреулерінде оның саны он төртке дейін барады. Хисамова В.Н. айтуынша әрбір шақ формасы темпоральдікті белгілеуден басқа аспектуальдік мағынаға да ие болады. Мәселен, татар тілінде өткен шақтың бес түрі бар, олардың әрқайсысы мағынасы, құрылымы және қолданылуы тұрғысынан әртүрлі. Бес шақтың ішінде екеуі – синтетикалық, қалғандары – күрделі (аналитикалық): *билгеле үткән заман* – анықталған өткен шақ -ды қосымшасына аяқталады; **билгесез (нәтижәле) үткән заман** – анықталмаған/нәтижәлі өткен шақ -ган қосымшасына аяқталады; *тәмамланмаған үткән заман* – аяқталған өткен шақ (-а иде); *күптән үткән заман* – Бұрынғы өткен шақ (-ган иде); *кабатлаулы үткән заман хикәя фигыль* – қайталанған өткен шақ - (а торған иде). Енді бір түрі, формасы жағынан келер шаққа жатады, бірақ мағынасы жағынан өткен шақты білдіреді: *килэчэк үткән заман* – келер-өткен шақ (-ачак).

Татар тілін грамматика оқулықтарының алғаш авторлары тілді орыс тіліндегі ұқсас құбылыстардың әсері арқылы қарап, оларды «үлгілі тілдің» белгілі бір категориясына сәйкестендіруге тырысты. Осындай жұмыстың нәтижесі ретінде басқа жүйелі тілдердің өзіндік құбылыстары көзден тыс қала берді, оның ішінде түркі тіліндегі аспектуальді мағынаның ерекше берілуі де бар.

Түрік тілінде аспект пен шақ категориясына әртүрлі көзқарастар ресейлік мына түркітанушылардың еңбектерінде берілген: Н.А.Баскаков, Э.Н.Гаджиев, Ф.А.Ганиева, Р.Б.Гасанов, Э.А.Грунин, В.Г.Гузов, Н.К.Дмитриев, А.Н.Кононов, Д.М.Насилов, Б.А.Серебренников, М.М.Текуев, Л.Н.Харитонов, А.М.Щербак, А.А.Юлдашев және т.б., танымал шетелдік түркітанушылардың жұмыстарында: Л.Йохансон, Г.Эйюп, М.Эргин, М.А.Эроглу және т.б.

Түркітануда іс-әрекет амалдарын сипаттау бұрыннан бар болған жағдай екеніне қарамастан, түрік тілінде іс-әрекет амалдарының берілуі жолдарын тиянақты зерттеу жүргізілмеген. Оған бірден-бір себеп аспект тақырыбына деген бір жақты ғана қызығушылық, осының нәтижесінде аяқталған және аяқталмаған түрдің берілу жолдарын табу үшін және оларды грамматикалық тұрғыда дәлелдеу үшін зерттеушілердің саны екі еселенді. Бірақ басты мақсат аналитикалық формалардың грамматикалық статусын табуы болғандықтан, олардың лексико-семантикалық болмысы жайында мәселе тыс қала берді.

Түркітанушылар түркі тілдерінде іс-әрекеттің өту сипаттамасын көбінде көмекші етістіктер мен аффикстер жиынтығы арқылы берілетініне көп назар бөліп, басқа жолдар арқылы берілуін қарастырмаған.

Түркітанудың шетелдік өкілі Л.Йохансон түрік тіліндегі етістіктің негізгі категориясы ретінде түр немесе аспект екенін, және оның іс-әрекет амалымен байланыспайтынын айтады. Оның ойынша, бұл тілде зерттеу объектісі - сегменттер (морфемалар), олар етістік түбіріне жалғану арқылы етістіктің ақырғы формасын жасайды [8, 19].

Түрік тіліндегі түр категориясын зерттеу саласындағы түркітанушылардың жазған еңбектері бойынша, етістіктің лексикалық мағынасына байланысты іс-әрекеттің өтуі сипаттамасы бар деп табылады, ал түр категориясы бұл тілдерде не мүлдем жоққа шығарылады, не етістік арқылы берілетін іс-әрекеттер аяқтаған/аяқталмаған болып бөлінетіні жайында түсінік тудырады. Түркітанудағы тағы бір бағыт, ол – жоғарыдағыдай бөліп қарастырмайды, етістіктің әр іс-әрекетін түрлік (видовые) деп анықтайды. Түр категориясы жайында бұндай ортақ түсініктеме Н.А.Баскаковтың еңбектерінде кездестіреміз. Оның ойынша, «түр (вид) іс-әрекет

барысының сипатын орындаушының қатынасынсыз болатынын және іс-әрекеттің объективті сипаттамасы болмайтынын көрсетеді» [9, 306].

Кононов А.Н. түрік тілінің грамматикасына арналған еңбегінде түрік тіліндегі етістіктің аспект категориясы шақ категориясы арқылы берілетінін көрсетеді. **Түрік тілінде аспект грамматикалық тұрғыда дербес категория статусына ие болмағандықтан, шақ категориясы арқылы** көрсетіледі. Түрік етістігінің шақ түрлері екіге бөлінеді: жай және күрделі түрі. Оның ішінде мысал ретінде біз тек қана өткен шақты алып қарайық: *görülen geçmiş zaman* – шешімді өткен шақ (**аяқталған**); *öğrenilen geçmiş zaman* – анықталмаған өткен шақ; *şimdiki zamanın hikayesi* – белгілі имперфект (аяқталмаған өткен шақ); *öğrenilen geçmiş zamanın hikayesi* – Бұрынғы бірінші өткен шақ; *görülen geçmiş zamanın hikayesi* – Бұрынғы екінші өткен шақ, *geniş zamanın hikayesi* – белгісіз өткен шақ; *gelecek zamanın hikayesi* – *келешек-өткен шақ*; *görülen zamanın şekli* – созылыңқы өткен шақ. Шақ формаларының атауларының өзі іс-әрекеттің өту амалын көрсетіп тұр, яғни аяқталған/аяқталмаған, созылыңқылықтың дәрежесі, нәтижелілігі, қайталанулығы және т.б.

Қорытынды. Қорытындылай келе, Түркітанушы ғалымдардың еңбектері негізінде жасалған зерттеу жұмысы нәтижесінде мынадай тұжырым туындайды: түркі тілдерінде аспект категориясы бар екенін мойындай отырып, түркі тілдеріндегі жоғарыда көрсетілген етістік формаларын тек шақ категориясы деп атап қоймай, ондағы аспектлікті білдіретін ерекшелікті аспектуальді деп тану керек. Демек, Көптеген түркітанушылар түркі тілдерінде аспекттің грамматикалық категориясы жоқ, тек аспект мағынасын білдіру үшін қолданылатын тармақталған шақ жүйесі мен іс-әрекеттің өту ерекшелігін сипаттайтын амалдар бар, яғни түркі тілдерінде етістіктің түр категориясы тек теориялық жүзінде ғана бар деген тұжырымды негізсіз деп танамыз.

А.М.Щербактың «түрдің автономдық грамматикалық категория екенін дәлелдеудің қажеті жоқ. Тек түрдің «жеке» берілу амалдарының жоқтығын және түрдік мағынасы бар морфологиялық туындылардың әр-түрлі шақтық формалардың қисындастыруын білдіретінін айта кету керек» [4, 72] деген тұжырымымен келіспей отырып, түркі тілдерінде аспектлік саладағы туындылар: синтаксистік (аналитикалық), морфологиялық (аффиксация және редупликация), лексикалық, сонымен қатар контекстік (контекстуалдық) және құрамдастырылған амалдар арқылы берілетінін, түр мен шақ мағынасының тығыз байланысты екенін көрсеттік.

Түркі тілдерінің тарихын зерттеу бойынша жасалған еңбектердің бар болуы түркі тілдерін сипаттау және зерттеудің әлі де аяқталмаған екенін көрсетеді. Кейбір тілдерді жеке қарастырып, ондағы сұрақ тудыратын мәселелерді жан-жақты қарастыру керектігі мәселесі, содан кейін түркі тілдерін жалпы алып зерттеу маңызды болып тұр. Біздің ойымызша, қазіргі аспектология саласында теориялық зерттеу жасау түркі тілдеріндегі аспектология мәселесін зерттеуін алға қарай жылжытып, өз нәтижесін берер.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Юлдашев, А.А. Аналитические формы глагола в тюркских языках / А.А. Юлдашев. – М.: Изд-во «Наука», 1965.
2. Насилов, Д.М. Еще раз о виде. К истории вопроса / Д.М. Насилов // *Turkologica*. К 70-летию акад. А.Н.Кононова. – Л.: Наука. - 1976.
3. Тихонов, А.Н. Существует ли категория вида в тюркских языках? / А.Н. Тихонов // *Актуальные вопросы современного языкознания и лингвистическое наследие Е.Д.Поливанова. Материалы конференции*. - Т. I. - Самарканд. - 1964.
4. Щербак, А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков: (Глагол)/А.М.Щербак; Отв. ред. – Л.: Ленингр. отд-ние, 1981. – 184с.
5. Севортян, Э., Ширалиев, М. Әзірбайжан тілінің грамматикасы / Э.Севортян. – М. Ширалиев. - издательство «Элм», Баку. 1971.
6. Тумашева, Д.Г. Татарский глагол/Д.Г. Тумашева. – Казань, 1986.

7. Хисамова, В.Н. Глагольная система татарского языка в сравнении с английским языком: диссертация ... доктора филологических наук. - Казань, 2005. - 355 с.
8. Johanson, L. *Aspekt im Türkischen* / L.Johanson. *Studia Turcica Upsaliensia*. 1971.- 334pp.
9. Баскаков, Н.А. Каракалпакский язык /Н.А.Баскаков/ Т. I-II. – Москва, 1951-1952.

References

1. Yuldashev, A.A. *Analiticheskie formi glagola v tyurkskih yazikah [Analytical forms of the verb in the Turkic languages]* / A.A. Yuldashev. – M.: Publishing house "Science", 1965.
2. Nasilov, D.M. *Esche raz o vide. K istorii voprosa [Once again about the form. To the history of the issue]* / D.M. Nasilov // *Turkologica. To the 70th anniversary of Academician A.N.Kononov.* - L.: Nauka. - 1976.
3. Tikhonov, A.N. *Suschestvuet li kategoriya vida v tyurkskih yazikah? [Is there a category of species in the Turkic languages?]* / A.N. Tikhonov // *Topical issues of modern linguistics and linguistic heritage of E.D.Polivanov. Materials of the conference.* – Vol. 1. - Samarkand. - 1964.
4. Shcherbak, A.M. *Ocherki po sravnitelnoi morfologii tyurkskih yazikov:(Glagol) [Essays on the comparative morphology of the Turkic languages: (Verb)]* /A.M.Shcherbak; Ed. – L.: Leningrad. publishing House, 1981. – 184s.
5. Sevortyan, E., Shiraliev, M. *Azirbayzhan tilinin grammatikasy [Grammar of the Azerbaijani language]* / E.Sevortyan, M. Shiraliev.- Elm Publishing House, Baku. 1971.
6. Tumasheva, D.G. *Tatarskii glagol [Tatar verb]* /D.G. Tumasheva. - Kazan, 1986.
7. Hisamova, V.N. *Glagolnaya sistema tatarskogo yazika v sravnenii s angliiskim yazikom_ dissertaciya doktora filologicheskikh nauk [The verbal system of the Tatar language in comparison with the English language: dissertation of Doctor of Philology].* - Kazan, 2005. - 355 p.
8. Johanson, L. *Aspekt im Türkischen [Aspect in Turkish]* / L.Johanson. *Studia Turcica Upsaliensia*. 1971.- 334pp.
9. Baskakov, N.A. *Karakalpakskii yazik [Karakalpak language]* /N.A.Baskakov/ Vol. I-II.– Moscow, 1951-1952.

MPHTI 16.21.07

10.51889/1728-7804.2023.14.1.001

Kiklewicz Aleksander¹

¹University of Warmia and Mazury, Poland
professor, habilitated doctor

CULTURAL LINGUISTICS AND ETHNOLINGUISTICS: THEORETICAL FOUNDATIONS, CONCEPTS AND RESEARCH DIRECTIONS IN CONTEMPORARY POLAND AND EASTERN EUROPE

Abstract

The author reviews contemporary cultural linguistics (as one of the fields of anthropological linguistics) in two Slavic regions: Poland and Eastern Europe. The first part of the article discusses the general theoretical foundations of cultural linguistics, as well as the circumstances in which it was established in Poland and Eastern Europe (USSR). In the second part, the author discusses the distinguishing features of both these linguistic traditions. So, he writes that, in Eastern Europe, researchers are more interested in linguoculturology, particularly in the description of concepts and the so-called conceptosphere. In Poland, there is a stronger tradition of folk culture research, folk psychology and folk language. For this reason, the methodology of Polish research is based to a greater extent on empirical procedures, such as field research and surveys.

Keywords: cultural linguistics, anthropological linguistics, ethnolinguistics, linguoculturology, language vs. cultural determinism, heuristic function of language, linguistic worldview